

## ИННОВАЦИЯЛЫҚ ҚҰРЫЛЫМ ҚАЗАҚСТАНДА ЖӘНЕ ӘЛЕМДЕ

Инновациялық қызмет инфрақұрылымы немесе инновациялық инфрақұрылым – бұл иелігіндегі субъектілерге инновациялық процестердің шарттарын іске асыруды тікелей экономикалық тиімді принциптер негізінде қамтамасыз ететін ұйымдастырушы-экономикалық институттар кешені. Инфрақұрылым келескелес функционалдық салалар бойынша бөлінеді:

1. көлік және байланыс;
2. ақпарат және телекоммуникация;
3. несиелік–қаржылық сала;
4. қор нарығы;
5. делдалдар институты;
6. арнайы және консалтингтік сипаттағы қызмет көрсететін компания мен фирмалар.

Инновациялық инфрақұрылым құрудың маңызды бағыты өнеркәсіптік, аймақтық және инновациялық саясат элементтерін біріктірудің арқасында өсімді ынталандыру стратегиясын жүзеге асыратын инновациялық орталықтарды, ғылыми және технологиялық парктер мен инкубаторларды қалыптастыру болып табылады.

Әлемдік тәжірибе көрсеткендей, экономика дамуындағы мемлекеттің рөлі макроэкономикалық тұрақтылықты ұстап тұратын және шаруашылық жүргізуші субъектілердің қызметін реттейтін саясатты әзірлеумен ғана шектелмейді. Сондай-ақ, ол экономикалық процестердегі стратегиялық және үйлестіру функцияларын өзіне жүктеуі тиіс. Осы функцияларды іске асыру тетіктерінің бірі даму институттары, технопарктер, конструкторлық бюролар, арнайы экономикалық аймақтар болып табылады.

Еліміздің индустрия және индустриялық-инновациялық, ғылыми-техникалық саласын дамытудағы басшылықты жүзеге асырушы болып табылатын орталық атқарушы орган – Қазақстан Республикасының индустрия және жаңа технологиялар Министрлігі.

«Технологиялық даму жөніндегі ұлттық агенттік» акционерлік қоғамы («ТДҰА» АҚ) (<http://natd.gov.kz/>) жарғылық капиталға мемлекеттің жүз пайыз қатысуымен құрылған және «Ұлттық инновациялық қор» АҚ-ның құқықтық мирасқоры болып табылады.

Агенттік инновациялық даму процестерін үйлестіруді қамтамасыз ету және мемлекеттік қолдау шараларын ұсыну үшін құрылды. Агенттіктің құзыреті мен өкілеттіктері 9 қаңтар 2012 жылғы «Индустриялық-инновациялық қызметті мемлекеттік қолдау туралы» Заңда жазылған, ондағы инновациялық қызметті қолдау саласында қарастырылған:

- мемлекеттің стратегиялық жоспарлау жүйесі;
- индустриалды-инновациялық дамуды қолдаудың 14 құралы;
- инновациялық гранттардың 4 жаңа түрі;
- индустриялық-инновациялық саясатты іске асыру тиімділігін талдау тетіктері ұсынылды;
- инновацияларды қолдаудағы механизмдерді жетілдіру.

Агенттік қызметінің негізгі бағыттары:

- инновациялық процестерді ақпараттық-аналитикалық қолдау;
- коммерциализация жүйесін дамыту;
- тиімді инновациялық инфрақұрылымды дамыту;
- инновациялық қолдаудың сервистік құралдарын басқару;
- инновациялық жобаларды инвестициялық қолдау;
- инновациялық қызметті көпшілікке тарату.

Агенттіктің кәсіпкерлік субъектілерін қолдауындағы негізгі құралдары:

- инновациялық гранттар;
- жобалық қаржыландыру;
- венчурлік қорлар арқылы қаржыландыру;
- технологиялық бизнес-инкубациялау қызметтерін ұсыну;
- конструкторлық бюро қызметтерін ұсыну;
- технологиялар трансферті халықаралық орталықтарының қызметтерін ұсыну.

## Қазақстанның инновациялық инфрақұрылымына кіреді:

### 1. Даму институттары

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2009 жылғы 6 тамыздағы №1201 «Инновациялық даму институттарының тізбесін бекіту туралы» Қаулысына сәйкес 5 инновациялық даму институттары анықталған: «Ұлттық инновациялық қор» АҚ, «Ғылым қоры» АҚ, «Инжиниринг және технологиялар трансферті орталығы» АҚ, «ҚазАгроИнновация» АҚ, «Тұрғын үй-коммуналдық шаруашылығын жаңғырту мен дамытудың қазақстандық орталығы» АҚ.

### 2. Конструкторлық бюро

Қазақстан Республикасы Президентінің 2010 жылғы 19 наурыз №958 Жарлығымен бекітілген, Қазақстан Республикасының мемлекеттік үдемелі индустриялық-инновациялық даму бағдарламасы бойынша кәсіпорындардың қажеттіліктеріне қызмет көрсету үшін – ауыл шаруашылығы, электротехникалық, тау-кен, көлік және мұнай-газ машиналарын жасау сегменттері бойынша 5 конструкторлық бюро құру қарастырылған.

#### 1. Технопарктер

Технопарк – ғылыми-зерттеу институттары, индустрия объектілері, кеңсе және іскерлік орталықтары, көрме алаңдары, оқу орындары, сондай-ақ көлік құралдары, кірме жолдар, тұрғындар кенті, күзет сияқты қызметі көрсететін объектілер біріктірілген мүлкілік кешен. Технопарк құрудың мәні мамандардың жалпы кәсіби қызметін бірыңғай аумақта топтастыру болып табылады. Ғалымдар технопаркте ҒЗИ зерттеулер жүргізуге, оқу орындарында сабақ үрдісіне қатыса отырып, өз зерттеулерінің нәтижелерін енгізуге мүмкіндік алады. Технопаркті басқаруды сыртқы басқарушы компания жүзеге асырады.

Технологиялық парктер халықаралық қауымдастығы инновациялық инфрақұрылым объектісін анықтауға мүмкіндік береді. Қауымдастықтың пікірінше, технопарк – бұл инновациялық мәдениетті жылжыту, сондай-ақ инновациялық бизнес пен ғылыми ұйымдар бәсекелестілігі арқылы жергілікті қоғамдастықтың әл-ауқатын арттыруды басты мақсаты еткен мамандар басқаратын ұйым. Бұл мақсаттарға жету үшін технопарк университеттер, ғылыми-зерттеу институттары, компаниялар мен нарық арасындағы білім ағындары мен технологияларды басқарады және ынталандырады. Ол қолданыста барынан (spin-off processes) жаңа компания шығару үрдістері және инкубациялық үрдістер көмегімен инновациялық компанияларға құру және дамытуды жеңілдетеді. Технопарк жоғары сапалы алаңдардан бөлек басқа да қызметтермен қамтамасыз етеді.

Қазіргі кезде Қазақстанда өңірлік технопарктер аспектісі кеңінен дами бастады. Өңірлік технопарктер Қазақстан Республикасында 2004 жылдан Қазақстан Республикасының 2003-2015 жылдарға арналған индустриялық-инновациялық даму Стратегиясын және Қазақстан Республикасының 2005-2015 жылдарға арналған ұлттық инновациялық жүйесін дамыту жөніндегі Бағдарламасын орындау үшін құрыла бастады. Қазақстандағы технопарктер қызметінің мәселелерін реттейтін негізгі ережелері Қазақстан Республикасының 2006 жылғы 23 наурыздағы №135-III «Инновациялық қызметті мемлекеттік қолдау туралы» Заңында көрсетілген.

<b>ТЕХНОПАРКТЕР</b>	<b>САЛАЛЫҚ КОНСТРУКТОРЛЫҚ БЮРО</b>	<b>ТЕХНОЛОГИЯЛАР ТРАНСФЕРТІ</b>
«Қ.И. Сәтпаев атындағы ҚазҰТУ технопаркі», Алматы қ.	«Көліктік машина жасау КБ»	«Корей-Қазақстандық технологиялық ынтымақтастық орталығы»
«Алматы өңірлік технопаркі» ЖШС, Алматы қ.	«Тау-кен металлургиялық жабдықтар КБ»	Қазақстан-Француз технологиялар трансферті орталығы
«Астана қаласы өңірлік технопаркі» ЖШС, Астана қ.	«Мұнай-газ жабдықтары КБ»	Қазақстан технологиялар трансферті желісі

«Алгоритм технопаркі» ЖШС, Орал қ.	«Ауыл шаруашылық машиналарын жасау КБ»	
«Алтай» ШҚ өңірлік технопаркі» ЖШС, Өскемен қ.		
«Сарыарқа» технопаркі» ЖШС, Қарағанды қ.		
«ОҚ өңірлік технопаркі» ЖШС, Шымкент қ.		

#### **4. Арнайы экономикалық аймақ**

Технологиялық даму жөніндегі Ұлттық агенттіктің 8 технопаркінің бірі болып табылатын Алматы қаласы Алатау аулында орналасқан «Алатау» ЖШС Технопаркі аумағында «Инновациялық технологиялар паркінің» арнайы экономикалық аймағы жұмыс істейді. Технопарктің тарихы 2003 жылы Қазақстан Республикасы Президентінің 2003 жылы 18 тамыз №1166 Жарлығымен «Ақпараттық технологиялар паркі» арнайы экономикалық аймақ құрылған уақыттан басталады. «Ақпараттық технологиялар Паркі» АЭА атауы 2011 жылдан бастап инновациялық технологиялар Паркі деп аталды.

Парктің Стратегиялық мақсаты – экономиканың «білім–ғылым–технология–өндіріс» басым қағидаты бойынша ғылыми-білім, жобалық-конструкторлық және өндірістік құрылымды біріктіретін жеткілікті инновациялық кластерді құру:

1. ақпараттық технологиялар;
2. жаңа материалдар;
3. баламалы энергетика;
4. мұнай-газ технологиясы;
5. электроника және аспап жасау;
6. ядролық технологиялар.

#### **Интеграциялық үдерістер саласындағы инновациялар**

Соңғы онжылдықта әлемдік экономиканың көшбасшы елдерінің экономикалық өсудегі ерекшеліктерінің инновациялық моделі болып табылады: инновациялық факторды әлеуметтік-экономикалық даму доминантына айналдыру; инновациялық цикл ұзақтығын қысқарту; әлеуметтік-экономикалық қарым-қатынас желісінде беделді институт пен тең құқылы серіктес ретінде ғылымның рөлін күшейту; экономикалық өсуде экономикалық емес факторлардың маңыздылығын арттыру; ғылыми-технологиялық, ғылыми-техникалық және инновациялық салаларда мемлекеттік және корпоративтік шығындарды арттыру; ұлттық инновациялық процестерді жаһандандыру және интеграциялау.

Қазіргі уақытта ТМД-ға қатысушы мемлекеттердің алдында инновациялық тұрақты даму процесін қамтамасыз ету интеграциялық әлеуетін қолдануды арттыру жөнінде маңызды сұрақ тұр. ТМД елдеріне кіретін мемлекеттердің технологиялық артта қалған жағдайын түзеуге ішкі нарығы, бай табиғи ресурстары, жоғары білікті кадрлары, ғылыми мектептері қалыптасқан, болашағы бар шығармашыл жастардан тұратын, халық саны 300 млн. адам болатын Тәуелсіз Мемлекеттер Достастығының Инновациялық кеңістігі мүмкіндік жасайды. ТМД-ға қатысушы мемлекеттердің Инновациялық кеңістігі жоғары технологиялық бизнеске, пионерлік технологиялар құруға, экономиканы жүйелі жаңғыртуда инвестициялық ресурстарды тиімді пайдалану бойынша басым бағыттарында ресурстарды шоғырландыруға жаңа мүмкіндіктер ашады.

Мемлекетаралық инновациялық кеңістік құру алдағы 10 жылдықта ТМД-ға қатысушы мемлекеттердің басын біріктіретін жалпыға танымал идея болуы тиіс. Сайып келгенде, оны құру кезінде ТМД-ға қатысушы әрбір мемлекеттің ұлттық әлеуметтік-экономикалық саясатының негізгі мақсаты – халықтың өмір сапасын жақсарту іске асырылатын болады.

<b>ҰЙЫМНЫҢ АТАУЫ</b>	<b>СИПАТТАМАСЫ</b>	<b>СІЛТЕМЕ</b>
<b>СИЛИКОНОВАЯ ДОЛИНА, КАЛИФОРНИЯ, США</b>	Силиконовая долина (Кремнийлі алқап, ағыл. Silicon Valley) — компьютерлер, жабдықтар мен олардың құрамдас бөліктері, сондай-ақ бағдарламалық қамтамасыз ету, ұялы байланыс құрылғылары, биотехнология және т. б. өндіріспен байланысты үлкен жоғары технологиялы компаниялардың тығыздығымен ерекшеленетін Калифорния штатындағы аймақ (АҚШ).	<a href="http://www.siliconvalley.com">HTTP://WWW.SILICONVALLEY.COM</a>
<b>ЕУРОПА МЕН СОЛТҮСТІК АМЕРИКАНЫҢ ТЕХНОПАРКТЕРІ</b>	Австрия, Бельгия, Ұлыбритания, Германия, Голландия, Дания, Италия, Латвия, Литва, Финляндия, Франция, Чехия, Швеция, Эстония және АҚШ елдерінің жетекші Технопарктері.	<a href="http://www.metolite.by/ru/dir/index.php/1865">HTTP://WWW.METOLITE.BY/RU/DIR/INDEX.PHP/1865</a>
<b>СОФИЯ АНТИПОЛИС ФРАНЦУЗ ТЕХНОЛОГИЯЛЫҚ ПАРКІ</b>	София Антиполис (ағыл. Sophia Antipolis) — Францияның оңтүстігіндегі технологиялық парк. Ол 1970-1984 жылдары негізінен есептеуіш техника, электроника, фармакология және биотехнология саласындағы компаниялар үшін құрылған үй болып табылады. Сондай-ақ, мұнда бірнеше жоғары оқу орындары мен W3C еуропалық консорциумының штаб-пәтері орналасқан.	<a href="http://www.sophia-antipolis.org">HTTP://WWW.SOPHIA-ANTIPOLIS.ORG</a>
<b>ЦЮРИХТЕГІ ШВЕЙЦАРИЯ ТЕХНОПАРКІ</b>	Цюрихтегі Технопарк 1993 жылы 44,300 мың шаршы метр алаңда құрылды. Орталықта 230 компания жұмыс істейді 1,750 мың маман жұмыс істейді. Технопарктің негізгі бағыты - ақпараттық және коммуникациялық технологиялар мен электроника. Цюрихтегі технопарк «Сколковоның» болашақ үлгісі болды.	<a href="http://www.techpark.ch">HTTP://WWW.TECHNOPARK.CH</a>
<b>ОТАНИЕМІ ФИН ТЕХНОПАРКІ</b>	Otaniemi – Солтүстік Еуропадағы жетекші технопарк. R&D ұйымдастыруға және Еуропалық бағдарлама шеңберіндегі қаржыландыруға жәрдем көрсетуге дайын.	<a href="http://www.otaniemi.fi">WWW.OTANIEMI.FI</a>
<b>СИНГАПУР ҒЫЛЫМИ ПАРКІ</b>	Сингапур Ғылыми Паркі – Сингапур, Қытай, Үндістан, Оңтүстік Корея және Филиппин нарығында басым өңірлік қатысуымен Азиядағы жетекші жеткізуші болып табылады Парк өз IT-парктерін, өнеркәсіптік парктер (өндіру, логистика және тарату орталықтары), бизнес-парктер, технопарктер, жоғары технологиялық объектілер, кеңсе және сауда алаңдарын әзірлейді, басқарады және дамытады.	<a href="http://www.sciencepark.com.sg">HTTP://WWW.SCIENCEPARK.COM.SG</a>

<p><b>ТОМСК БИЗНЕС ИНСТИТУТЫ</b></p>	<p>Ресей ЖОО Бірінші старт-ап – бұл жоғары деңгейлі кәсіпкерлік кадрлар даярлайтын инновациялық ұстахана. Томск бизнес институты қазіргі заманғы экономиканың практикалық қажеттілігі мен табысты мансап жасау немесе өз бизнесін құру үшін барлық қажетті білім және іскерлік дағдыларды игеру бағдарланған кәсіпкерлік білім алуға мүмкіндік береді.</p>	<p><a href="http://tib.tomsk.ru">HTTP://TIB.TOMSK. RU</a></p>
<p><b>ММУ ҒЫЛЫМИ ПАРКІ</b></p>	<p>ММУ ғылыми паркі – Ресейдің бұрыннан келе жатқан технологиялық парктерінің бірі. Ғылыми парк ММУ Ғылыми кеңесі 1990 жыл «15» қазандағы № 4 хаттамасының шешіміне сәйкес құрылған. Бүгінгі таңда ИТО Одағы құрамына 1500 астам компаниялармен жұмыс істейтін 31 орталық кіреді. Ғылыми парк 2008 жыл 15 қыркүйекте Халықаралық Ғылыми Парктер Қауымдастығының(IASP) мүшесі болды.</p>	<p><a href="http://www.sciencpark.ru">HTTP://WWW.SCIEN CEPARK.RU</a></p>
<p><b>ДУБАЙДАҒЫ ТЕХНОПАРК, БІРІККЕН АРАБ ӘМІРЛІГІ</b></p>	<p>Dubai Techno Park - еркін экономикалық аймағы АЭАда ерекше мәртебесі бар парктердің бірі болып табылады. 2007 жылы құрылған технопарк өңірдің көптеген талантты мамандарын тартуға және БАӘ келесі экономикалық бағыттар бойынша дамуын қамтамасыз етуге бағытталған: мұнай, газ, суды тұщыландыру, денсаулық, инжиниринг және логистика. Алаңы 21 млн. шаршы метрге тең Дубай Технопаркінде 60 000 тұрақты тұрғын тұрады және 133 000 адам жұмыс істейді.</p>	<p><a href="http://www.technopark.ae">HTTP://WWW.TECH NOPARK.AE</a></p>